**Автор**: Жумабаева Зульвира Жанабаевна
**Пән**: Қазақ әдебиеті
**Сынып**: 8-сынып
**Бөлім**: Көркем әдебиет және эпикалық сарын
**Тақырып**: М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 8.2.2.1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау |
| Сабақтың мақсаты: | Поэма мазмұнымен танысып,өзіндік пікір жазу. |
| Тілдік мақсаттар: | Эпилог,тәуіп, аракілдік, кәззап,байыз. |
| Бағалау критерийлері: | • Шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазады.<br>• Пікірін дәйектеме арқылы білдіреді. |
| Құндылықтарды дарыту: | "Мәңгілік ел" құндылығы: бейбітшілік пен келісім<br>Мектеп құндылығы: оқушылар арасындағы қарым-қатынас арқылы ынтымақтастық және шығармашылықты қалыптастыру |
| Пәнаралық байланыс: | Тарих,қазақ тілі. |
| Бастапқы білім: | Махаббат және абырой |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5 минут) | **1.Ұйымдастыру кезеңі:** Сәлемдесу. Сынып реттілігін қадағалау. Оқушыларды түгелдеу. Оқу құралдарын байқау.<br>**2. Психологиялық ахуал қалыптастыру:** Оқушыларды шеңбер бойымен тұрғызу. "Өрмекші торы" тәсілі арқылы жіпті бір-біріне лақтыру арқылы өткен сабақ бойынша қояды, жауап береді.<br>**3.Үй тапсырмасын тексеру.** | Оқулық, дәптер, қалам |
| Сабақтың ортасы (30 минут) | **Білу және түсіну.**<br>Сұрақтарға жауап бер.<br>1.М.Мақатаев кім?<br>2.Қандай шығармаларын,өлеңдерін білесің?<br>3. Ақын қандай поэмалар жазған?<br>4.Ақын сөзіне жазылған қандай әндерді білесің?<br>5. Қандай әндерін жатқа білесіңдер?<br>**Қолдану. Жұптық жұмыс**<br>"Ашық хат" тәсілі арқылы жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу.<br>1-жұп."Мұқағали поэмасы - таңғы шықтай мөлдір, сырлы, мұңлы поэзия" - дейді Ф. Оңғарсынова.<br>2-жұп."Ойын сиқырлы сөзбен айта білу, тапқыр ойды өрнекті тілмен жеткізе білу - Мұқағали өлеңдерінің негізі құдіреті".<br>3-жұп. "...Тіршіліктің тәттілігі мен ақиқаттың ащылығынан мейірі қанғанша дәм татқан қауымның өскелеңдігі мен өміршеңдігі де осында. Мұқағали халқымен бірге мәңгі өмір сүреді".<br>**Дескриптор:** -ұсынылған пікірді өз сөзімен өрбітеді; -пікірді мысалмен дәлелдейді; -қорытынды жасайды. | А4 парағы жазылған сұрақтар<br>А4 парағына жазылған сөздер |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>(5 минут) | **Кері байланыс**<br>Жағымды пікір: (Не ұнады?)<br>Сындарлы сын: (Не нәрсені жақсарту керек?)<br>Келешекке арналған пікір: (Маған ұнады, бірақ....) | Кері байланыс |